

**Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің
2026 – 2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімдер	Жауаптылар
1. Ұйымдастыру жұмысы			
1.1	Қамқоршылық кеңестің №1 жалпы жиналысы 1.«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355-бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен танысу. 1.Қамқоршылық кеңестің жаңа оқу жылындағы жұмысын ұйымдастыру, кеңес құрамын нақтылау. 2.2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту	Қазан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
1.2	Қамқоршылық кеңестің №2 жалпы жиналысы 1.Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайымен танысу 2.Балалардың тамақтануын ұйымдастыру жағдайын талқылау 3.Жаңа жылдық іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері

1.3	Қамқоршылық кеңестің №3 жалпы жиналысы 1. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау мәселесін қарау 2. МДҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру. Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру.	Наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
1.4	Қамқоршылық кеңестің №4 жалпы жиналысы 1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу. 2. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау. 3. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс қорытындысын шығару	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері

